

«6D072900–Құрылыс» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алу үшін дайындалған «Топырақ негіздерінің механикалық қасиеттеріне талдау жасау» тақырыбындағы Жұмаділов Ілияс Тоғанұлының диссертациясына
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШҚІРІ

Қазақстанның жаңа Елордасы Нұр-Сұлтан қаласының өсуімен қаланың ішкі аудандары мен іргелес жатқан жерлерді белсенді игеру басталды, оның ішінде нүктелік құрылыс ұлғайып отыр. Кәзірде ғимараттар мен имараттардың жобалары күрделене түсіп, қабаттылығы күннен күнге ұлғаюда, құрылыс салу орындарының жетіспеуіне байланысты жобаларда барлық үлкен жүктемелер ғимараттың негізі мен іргетасына берілетіні анық, оған қоса кәзірде ғимараттардың көп қабатты жерасты паркингтері аса қатты сұранысқа ие болып, жобалананып салынуды. Әрине, құрылыстың өсуімен инженерлік-геологиялық зерттеулердің көлемі мен күрделілігі артып отыр. Соған байланысты ғимараттардың жер асты бөлігін яғни топырақ негіздерін зерттеу аса маңызды сұрақтардың бірі болып табылады.

Нұр-Сұлтан қаласының күрделі инженерлік-геологиялық жағдайын ескере отырып ғимараттар мен имараттарды жобалаған кезде қадалық іргетастарды таңдау ең тиімді шешім болып табылады, оларды тиімді орналастыру, сапасын бақылау, сынау, құрылыс алаңында жер асты топырақтарының орналасу жағдайын бағалау әрі болжау терең зерттеуді қажет ететін мәселе болып табылады.

І.Т.Жұмаділовтың «Топырақ негіздерінің механикалық қасиеттеріне талдау жасау» диссертациялық жұмысы өзекті мәселеге арналған. Зерттеу жұмысына қойылған мақсаттар мен міндеттер толығымен анықталып, топырақтардың механикалық қасиеттерін ескеретін қажетті лабораториялық және далалық сынақ жұмыстары жүргізілген. Нұр-Сұлтан қаласының жер асты бөлігі негізінен сазды топырақтардан тұратындықтан және жер асты сулары жер бетіне жақын орналасқандықтан жобалаушыларға ең басты қажетті мәлімет ретінде топырақтардың деформациялық қасиеттері соған байланысты нақты ақпаратты көрсете алады. Жұмысында сазды топырақтар зерттеу нысаны ретінде алынып, лабораториялық және далалық шарттарды ескере отырып сынақ нәтижелеріне өзара салыстыру жүргізілді. Сонымен қатар қадалы іргетастарды орналастыру үшін топырақ негіздерін Нұр-Сұлтан қаласының инженерлік-геологиялық зерттеу нәтижелерін ескере отырып, тиімді таңдау ұсыныстары берілді.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты Нұр-Сұлтан қаласы аумағының инженерлік-геологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, саздақ топырақтардың деформациялық көрсеткіштерін лабораториялық және далалық сынау әдістері арқылы анықтау және салыстыру болып табылады.

Жасалған жұмыстың тәжірибелік маңызы зор болып табылады, себебі Нұр-Сұлтан қаласының саздақ топырақтарын деформация модулін лабораториялық және далалық сынау арқылы және үшсоқты компрессионды

құралды қолдану нәтижесінде, аймақтық коэффициент ерекшелігін ескере отырып, ғимараттар мен имараттардың іргетастарын орнатуға кеткен материал, сынақ жүргізу шығындарының біршама төмендеуінің арқасында елеулі экономикалық эффектке қол жеткізіледі деп санаймын.

Докторанттың жұмысының тақырыбы, оған сәйкес құрылымы, мазмұны мен мақсаттары, тағайындалған міндеттері және жалпы қорытындысы логикалық тұрғыда дұрыс құрылған. Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер жүйелілігі жағынан, ішкі бірлігі мен сабақтастықтың сақталуымен сипатталған. Зерттеудің қорытындылары мен нәтижелері бір-бірімен тығыз байланыста екендігі көрініп тұр.

Ізденушінің диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми-зерттеу еңбек болып саналып, оның нәтижелері расталған және көптеген ғылыми-тәжірбиелік конференцияларда баяндалып іс-жүзінде өзге де ғалымдардың алдына ұсынылып талқыланған болып табылады.

І.Т.Жұмаділовтың жасаған зерттеулер нәтижесі бойынша 13 ғылыми мақалаларда жарияланған. Оның ішінде: 5 (бес) мақала ҚР БҒМ Бақылау комитеті ұсынған журналдарда, 3 (екі) мақала Web of Science және Scopus деректер базасына индекстелген журналында, 5 мақала шетелде және Қазақстанда өткен халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында жарияланған.

Қорыта келгенде, Жұмаділов Ілияс Тоғанұлының «Топырақ негіздерінің механикалық қасиеттеріне талдау жасау» атты диссертациялық жұмысы «6D072900–Құрылыс» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алудың ҚР БҒМ-нің Бақылау комитетінің «Дәрежелер беру ережелері» талаптарына сай және автор осы саланың дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:

Л.Н.Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университетінің

Геотехникалық институтының директоры,

«Ғимараттар және имараттарды жобалау»

кафедрасының профессоры, техника

ғылымдарының докторы



А.Ж.Жүсіпбеков

